«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

ЖШС «Арыстанбаб» колледжінің 1304000 «Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестікке бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс нәтижесі жайлы
2019 жылдың 18-20 наурыз аралығы

*АККРЕДИТТЕУ МЕН РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ*

*Сыртқы сараптау комиссиясы*

*АРТА*
*аккредиттеу кеңесіне*
*арналған*

Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

**ЖШС «Арыстанбаб» колледжінің 1304000 «Есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестікке бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс нәтижесі жайлы**

# ЕСЕП

**2019 жылдың 18-20 наурыз аралығы**

**Сарыағаш қ.,18 наурыз 2019 жыл.**

**МАЗМҰНЫ**

(I) ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР ТІЗІМІ........................................................................3
(II) КІРІСПЕ.................................................................................................................................4
(III)БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН ТАНЫСТЫРУ..............................................................................5
(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ................................................6
(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....................................................................................6
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ...........8
(ҮII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ТҰСТАРЫ (ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕ ШОЛУ)..................................................................................................................................18
(ҮIII) САПАНЫ ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ.........................................20
(IX) БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН ДАМЫТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРДҒА ШОЛУ..............21

арта

# I ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР ТІЗІМІ

АК – алфавиттік каталог
АҚ – акционерлік қоғам
ТЖ – тәрбиелік жұмыстар
ЖОО – жоғарғы оқу орын
МАК – мемлекеттік аттестациялау комиссиясы
ҚР МЖБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
БМАП – білім мекемесімен анықталатын пән
ТП – темір жол пәндері
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ИПҚ – инженерлік-педагогикалық қызметкерлер
ҚАКАЖ – қазақ автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйе
КТК – көңілді тапқырлар клубы
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ХС – халықаралық стандарт
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
СҒЗЖ – студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒӘЖ – ғылыми-әдістемелік жұмыс
ОБЖК – облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы
ББ – білім беру бағдарламасы
ОУҒК –облыстық оқу-ғылыми кітапхана
КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау;
КҚ – кәсіптік құзіреттілік
ПОҚ– профессорлық-оқытушылық құрам
ПЦК – пәндік-циклдік комиссия
ҚР – Қазақстан Республикасы
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары
АБА – анықтамалық-библиографиялық аппарат
БАҚ – бұқаралық ақпараттар құралдары
ҚНмЕ – құрылыс нормалары мен ережелері
ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім беру
ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТОБ – типтік оқу бағдарламасы
ОӘК –оқу-әдістемелік кешені
ОӨЖ – оқу-өндірістік жұмыс
ОЖ – оқу жұмысы
ЖМ – жекеменшік мекеме
ЭК – электрондық кітапхана

## (II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 01.07.2019 жылдың № 16-19-ОД бұйрығына сәйкес, ТжКБ қызмет түрі бар, Сарыағаш қаласының ЖШС «Арыстанбаб» колледжіне сыртқы сараптау комиссияның (ССК) сапары жүзеге асырылды. 2019 жылдың 18-20 наурыз аралығында АРТА мамандандырылыған аккредиттеу стандарттары бойынша 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету(түрлері бойынша)» біліктілігі 1304012 «Санды ақпараттарды қайта өңдеу маманы» және 1304043 «Техник-бағдарламашы» мамандығының білім бағдарламаларының сәйкестігіне бағалау жүргізілді.

ССК есебі білім беру мекемесінің ұсынылған білім беру бағдарламаларының АРТА шарттарына сәйкестігін бағалауды, оқу бағдарламаларын әрі қарай жетілдіру бойынша ССК ұсыныстарын және ЖШС «Арыстанбаб» колледжінің оқу бағдарламалары бағыттарының параметрлерін қамтиды.

ССК құрамы:

1. **Комиссия төрағасы**–Маликова Маржан Сабыровна, ОӘБ бойынша директордың орынбасары МКҚМ «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» (Алматы қаласы);
2. **Шетелдік сарапшы** – Овчаренко Ольга Григорьевна, ФМББМ «РФ президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы» Омск филиалының оқу және әдістемелік жұмыс бойынша филиал директорының орынбасары (Омск қаласы, Ресей Федерациясы);
3. **Сарапшы**– Сулейменова Алия Зейнулгабденовна, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің оқу жұмысы бойынша директордың орынбасары (Жезқазған қаласы);
4. **Агенттіктен бақылаушы**– Бекенова Динара Каирбековна, ТжКБ ұйымдарын аккредиттеу бойынша АРТАжоба жетекшісі (Нұр-Султан қаласы);
5. **Жұмыс беруші** – Алимбетова Сандугаш Бурибековна, «Нұржаусын» балабақшасының директоры(Сарыағаш қаласы);
6. **Студент** – Юсахметова Мохина Тохирқызы, Сарығаш көпсалалы колледжі, 0101000 «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті (Сарыағаш қаласы).

## (III)БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН ТАНЫСТЫРУ

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Арыстанбаб» колледжі, заңды тұлға мәртебесі бар, кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, техникалық және кәсібтік білім беру оқу орны болып табылады.

Колледж білім беру қызметін 19.10.2006 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының білім және ғылым саласында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау бойынша Комитеттің, бақылау бойынша Департаменті берген № 0038290 мемлекеттік лицензия негізінде, күндізгі, оқытудың күндізгі түрі бар 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», 1304012 «Санды ақпараттарды қайта өңдеу маманы», 1304043 «Техник-бағдарламашы» мамандығы бойынша жүзеге асырады.

Колледж СТ ҚР ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарға сәйкестік сертификаттарына ие.№ KZ 7500207.07.03.00283 04.05.2018 жылдан 05.04.2021 жылға дейін.

«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша мамандарды даярлау мемлекеттік тілде оқытудың күндізгі түрі бойынша жүргізіледі. 2018-2019 оқу жылына білім алушылардың контингенті 229 студентті құрайды, оның ішінде 149 студент мемлекеттік тапсырыс бойынша, 80 студент коммерциялық негізде білім алуда.

Білім беру бағдарламасы мынадан құралады: жұмыс оқу жоспары, оқу пәндерінің жұмыс бағдарламасы, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, оқу және өндірістік тәжірибенің бағдарламалары, тиісті білім беру технологияларының жүзеге асуын қамтамасыз ететін оқу процесінің кестесі. Даярлау бағдарламасы міндетке сәйкес мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған және жеткілікті ресурстары бар: кадрлық әлеует, материалдық-техникалық база, тәжірибелер базасымен шарттар, факультативтік пәндер тізімі және т.б.

«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығының тәжірибелік оқытуын ұйымдастыру үшін Сарыағаш қаласының 4 әлеуметтік әріптестері: ЖК «Набиев», ЖК «Валиев», ЖШС «Сарыағаш Тур» және ЖШС «Даму» тұлғаны дамыту орталығымен келісім шарт бекітілген.

Колледж өз меншігіндегі 2 ғимаратта орналасқан. Оның жалпы ауданы 3245 кв.м, құрайды. Спорт залы, оқу бөлмесі бар кітапханасы, медициналық пункты бар. Оқу кабинеттерінің саны – 22, оның ішінде: зертхана – 5. Келісім шарт негізіндегі арнайы пәндер бойынша оқу тәжірибелерін өткізу үшін білім берудің негізгі мекемелерінде, қажетті жиһаз, көрнекті оқу құралдарымен жабдықталған, жеке кабинеттері бар.1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» біліктілігі 1304012 «Электрондық-есептеуіш машиналардың операторы» және 1304043 «Техник-бағдарламашы» мамандығы бойынша педагогикалық кадрлардың саны, 2018-2019 оқу жылында, 29 адамды құрайды. Оның ішінде штаттық оқытушылар: жоғары санатты – 4 адам, бірінші санатты – 5 адам, екінші санатты – 6 адам, санатсыз – 12 адам, магистранттар – 4 адам.

## (IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

ЖШС «Арыстанбаб» колледжі 2018 жылы медициналық мамандықтардың интитуционалды және мамандандырылған аккредитеуінен өтті.

## (V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы ЖШС «Арыстанбаб» колледжінде 2019 жылдың 18-20 наурыз аралығында білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуі бойынша сараптау комиссиясының сапары бағдарламасының негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында колледжде нұсқаулы жиналыс жүргізілді, барысында өкілеттік комиссия мүшелерінің арасында бөлініп, жұмыс сапарының кестесі нақтыланып, сараптама әдістерін таңдау мәселесінде келісімге қол жеткізілді.

ССК арнаулы топтармен кездесулері сапардың нақтыланған бағдарламасына сәйкес, белгіленген уақыт аралығын ұстану арқылы өтті. ЖШС «Арыстанбаб» колледжінің ұжымы жағынан, сапар бағдарламасында көрсетілген, барлық адамдардың қатысуы қамтамасыз етілді.

Білім беру бағдарламаларының сапасы және колледждің барлық инфрақұрылымы жайлы шынайы ақпарат алу, өзін-өзі бағалау жайлы есептің мазмұнын нақтылау үшін директормен, ОЖ бойынша директордың орынбасарымен, ТЖ бойынша директордың орынбасарымен, ҒӘЖ бойынша директордың орынбасарымен, бөлім меңгерушілерімен, ЦӘК төрағаларымен, оқытушылармен, студенттермен, түлектермен, әлеуметтік әріптестермен және студенттердің ата-аналарымен кездесулер өткізілді. Барлық кездесулерге барлығы 102 адам қатысты.

**1-кесте. ССК барлық кездесулеріне қатысқандар жайлы ақпараттар**

| Қатысушылар санаты | Саны |
|---|---|
| Директор | 1 |
| Директордың орынбасарлары | 3 |
| Бөлім меңгерушілері | 1 |
| ХАО меңгерушілері | 2 |
| Оқытушылар | 11 |
| Қызметкерлер | 2 |
| Студенттер | 51 |
| Түлектер | 8 |
| Әлеуметтік серіктестер | 8 |
| Білім алушылардың ата-аналары | 15 |
| **Барлығы** | **102** |

ССК жұмысы барысында колледж инфрақұрылымы көзбен шолып тексерілді: оқу аудиторялары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, акт залы, спорт залы, жатақхана, медициналық пункт, асхана және т.б. Сондай-ақ колледждің нормативтік-құқықтық құжаттамасы, оқу жоспарлары, білім беру бағдарламасы, оқу қызметін оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етулері, білім беру процесін кадрлік және метриалды-техникалық қамтамасыз ету бойынша материалдары, тәрбие жұмыстарын және колледждің қаржылық қызметін ұйымдастыру бойынша құжаттамалар зерттелген болатын.

ССК жұмысы үшін барлық жағдайлар жасалып, барлық қажетті ақпараттық ресурстарға қолжетімділік ұйымдастырылып берілді.

Сараптама қорытындысынан ССК жасаған, жоспарланған бағдарлама аясында колледждің қызметін жақсарту бойынша, ұсыныстар колледж басшылығымен кездесу кезінде ұсынылды.

Сапар аясында жоспарланған іс-шаралар АРТА ССК мүшелеріне колледждің өзін-өзі бағалау есептерінде көрсетілген мәліметтердің, мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының шарттарына сәйкестігін тәуелсіз бағалауды жүргізуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар сарапшылар, сыртқы және ішкі қоғам үшін колледж жайлы ақпарат көзі болып табылатын, колледждің www.arstanbab.kzсайтын да зерттеді.

Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігінің мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына колледж қызметінің сәйкестігін егжей-тегжейлі талдау ССК үшін колледжге сапар бағдарламасының аясында стандарттар тұрғысында келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

# (VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

## 6.1. *«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты*

***Дәлелдеу бөлімі***

Колледж қызметінің стратегиялық білім беру түрлері колледждің жоспарлы, есептік және нормативтік құжаттарында көрсетіледі.

1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»біліктілігі 1304012 «Санды ақпараттарды қайта өңдеу маманы» және 1304043 «Техник-бағдарламашы» мамандығы бойынша оқыту Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына және колледждің міндеттері, мақсаттары, мәселелері мен елдің әлеуметтік-экономикалық, білім беру, ғылыми және мәдени дамуында оның орны мен рөлін көрсететін, перспективалық көрінісі анықталған, 2018-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Колледждің міндеті –жоғары азаматтық және адамгершілік қасиеттерге ие, бәсекеге қабілетті, білікті, табысты кәсіби қызметке қабілетті мамандарды даярлау.

Пайымдауы–Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы оқу орындарымен қатар бола тұрып Оңтүстік өңірдің кәсіби техникалық білімінің орталығына айналу.

Колледжтің қызметі ішкі және сыртқы құжаттарға сай жүзеге асырылады. Сыртқы құжаттар ҚР Президентдінің жарлығымен, ҚР Үкіметінің қаулысымен, ҚР БҒМ, Қостанай қ. Білім басқармасы бұйрықтарымен көрсетіледі.

Ішкі құжаттар ішкі нормативтік, ұйымдастырушылық-өкімдік, бөлімшелері туралы ережелер, лауазымдық нұсқаулықтарға бөлінеді.

Штаттық құрылымға сәйкес колледжді тікелей басқаруды, Қазақстан Республикасының заңнамасы және колледж Жарғысымен анықталатын, өзінің құзыретіне сай колледждің стратегиялық басқаруын ұйымдастыратын, директор жүзеге асырады.

Колледж қызметінің негізгі бағыттарын директордың орынбасарлары үйлестіреді:

- оқу жұмысы бойынша директордың орынбасары;
- ғылыми-әдістемелік жұмыс пен инновация бойынша директордың орынбасары;
- тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары.

Колледжде дәстүрлі әдістермен қатар басқаруға процестік тәсіл де қолданылады. Бизнес-процестерді басқару құралы ретінде ҚР СТ ИСО 9001-9009, 2016 «Сапа менеджмент жүйелері» стандарты анықталған. Колледж қызметі, даму стратегиясын жүзеге асыру үшін қажетті, өзара байланысқан процестердің желісі ретінде көрсетілген. Процестер менеджменті мыналар есебінен жүзесе асады: сапа бойынша нұсқаулықта көрсетілген, процестерге жауапкершілікті дәл үлестіру; жобалау, қызмет ету, талдау және процесті жақсарту кезеңдерін бөлуге мүмкіндік беретін, ССК құжаттамасының жоғары сапасы; процестердің жыл сайынғы өзін-өзі бағалауын өткізу. Бағынушылық сұлбасын тігінен көрсететін, ұйымдастырушылық құрылымы бар колледжде, сапа менеджементі жүйесінің негізін құрайтын – өзі басқару процестерінен, негізгі процестерден және қолдаушы процестерден құралатын, процестік ландшафт, колледж қызметінің негізгі процестері де көрсетілген.

Сыртқы және ішкі шығу тегі бар барлық құжаттар «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсіміне сай басқарылады. Ішкі құжаттардың нысаны және оларды толтыру ережесіне сәйкес құжатталған рәсімдерде, процестер картасында, әдістемелік нұсқаулықтарда және де т.б. бекітілген.

***Талдау бөлімі***

ССК сарапшылары колледжде басқарудың және жауапты адамдарды анықтаудың оңтайлы жүйесі құрастырылғанын атап айтады. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, олардың міндеті, пайымы мен стратегияларына сай келу, алдымен, жоспарлау жүйесі арқылы келесі механизмдерді пайдалану жолымен жүзеге асады:

- ұзақ мерзімді жаспаралауды бағдарламалардың дамуы үшін ортақ басым бағыттар мен стратегиялық мақсаттар арқылы басқару;
- ішкі бақылаудың жоспары мен орындау мерзімін көрсететін, құрылымдық бөлімшелердің жұмысын қысқа мерзімді жоспарлау.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, білім беру бағдарламасы ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады деп атап өтуге болады.

Сапар бағдарламасына сәйкес оқытушылар мен білім алушыларға сауалнама жүргізілген. Сауалнама нәтижелері қанағаттану дәрежесін анықтаудан басқа, қызмет бағытына сәйкес жоспарларды түзету бойынша шешімді де көрсеткен.

Колледждің әкімшілік құрамымен сұхбат өткізу барысында қызметкерлері даму мен тұрақты жақсартудың процестері мен механизмдерін анықтау, бөлімшелер деңгейінде жұмыс жасаудың тиімділігі бойынша ақпараттарды меңгерген, есеп беру мен білім беру

бағдарламаларының мазмұнын жүзеге асыруда білім беру, әдістемелік, тәрбие салаларындағы және өндірістік тәжірибені ұйымдастыруда инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің жұмысының нәтижелері ескерілген. Бірақ басқа да мүдделі тұлғалармен кездесу мұндай оң нәтижені бермеді, өйткені колледжге өркендеу жоспарын құрастыру кезінде мүдделі тұлғалар тобының өкілдерін, яғни білім алушыларды, педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілерді, өздеріне тарту қажет, осылайша білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының құрылуының айқындығын көрсетеді.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың табыстылығы ең алдымен, барлық мүдделі тұлғалар үшін максималды түрде айқын, қолжетімді болуы тиіс, мақсаттарды және білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын жоспарлы, мақсатты және тиімді жүзеге асыру негізінде анықталатынын атап өтуге болады.

АРТА ССК сапары кезінде жүргізілген оқытушылардан алынған анонимді сауалнама нәтижесі оқытушылардың көпшілігі - 69,2% «өте жақсы», 30,8%. «жақсы», «Оқу бағдарламаларында колледждің міндеті мен стратегиясын көрсету» тармағын белгілегенін көрсеткен.

АРТА ССК сапары кезінде жүргізілген, студенттерден сауалнама алу мынаны көрсетті:

- колледж басшылығының қолжетімділік және қайырымдылық деңгейімен 93,3% толығымен қанағаттанған;
- оқу бағдарламаларының жалпы сапасымен 95,6% толық қанағаттанған;
- оқыту әдістерімен жалпы алғанда 97,8% толық қанағаттанған;
- сабақ беру сапасымен 97,8% толық қанағаттанған.

***Мықты тұстары/ең үздік тәжірибе***

ССК оқу орнында берілген стандарт бойынша ерекше көңілді мыналарға бөлетінін атап өтеді:

- тұрақтылық, тиімділік, нәтижелілік, артықшылық, айқындық, жауапкершілік, өкілеттіктерді табыстау, шектеу мен қаржыландыру жүйесінің дербестігі қағидаларын жүзеге асыру деңгейлеріне;
- қызметті процестер, жоспарлау, дамыту мен тұрақты жақсарту механизмдері арқылы басқаруға;
- білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағытталған ақпараттандыру мен кері байланыс жүйесінің тиімді қызмет етуі мен бар болуын қамтамасыз етуге;
- білім алушыларға, педагогикалық ұжымға, ата-аналарға ашықтық пен қолжетімділікке.

***ССК ұсыныстары***

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының жүзеге асуы бойынша колледждің қызметін әрі қарай дамыту мен жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсынады:

- қызметтің өзіне тән бағыттарын нақтылай және индикаторларды көрсете, сондай-ақ күтілетін нәтижелер мен талап етілетін ресурстарды ағымдағы оқу жылының соңына дейін мүдделі тұлғалар тобының өкілдерін тарта отырып колледждің Даму стратегиясын жетілдіру;
- ББ даму жоспарын қалыптастыру мен тұрақты қайта қарастыру механизмін анықтау және оның орындалуын бақылау мен барлық мүдделі жақтардың өкілдерімен көпшілік алдында талқылау өткізу.

***Шарттар бойынша ССК тұжырымдары: (мықты/ қанағаттанарлық/ жақсаруды көздейді/ қанағаттанарлықсыз)***

ССК колледждің мамандандырылған бағыты берілген стандарт бойынша 5 мықты шарттан тұратынын атайды: 15 – қанағаттандырарлық және 2 – жақсаруды көздейді.

*6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері» стандарты*

***Дәлелдеу бөлімі***

1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»1304012 «Санды ақпараттард қайта өңдеу маманы» және 1304043 «Техник-

бағдарламашы» білім беру бағдарламасы 2017 жылғы 31 қазандағы№ 553 «Техникалық және кәсіби білімнің үлгі оқу бағдарламалары мен үлгі оқу жоспарларын бекіту жайлы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген үлгі оқу жоспарлары бойынша ҚР БМЖС сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік арнайы пәндердің оқытылуын, кәсіби дағды алу мен бекіту бойынша өндірістік оқу мен кәсіби тәжірибенің өтуін қарастырады.

Білім беру бағдарламаларын білім алушылардың ойдағыдай меңгеруінің негізгі нәтижесі болып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білімді, жан-жақты дамыған маманды даярлау табылады, осыған байланысты колледжде кластердің мамандықтары бойынша түлектің үлгілері әзірленген.

Білім беру бағдарламасы: 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»1304012 «Санды ақпараттарды өңдеу маманы» және 1304043 «Техник-бағдарламашы» модульдік оқыту қағидасы бойынша құрылымдалады. Модульдік білім беру бағдарламаларының мазмұны кәсіби стандарттар негізінде және біліктіліктің Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес деңгейін меңеруге бағытталған.

Колледж басшылығы білім алушыларға мамандығы бойынша кәсіби тәжірибені өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді және білім алушылардың, кәсіпорын жетекшілері – тәжірибе орындары мен жұмыс берушілердің қанағаттанғандығы жайлы мониторинг жасайды..

Студенттердің сапалы тәжірибелік дайындықтары үшін 4 білім мекемелерімен келісімшарт бекітілген:

| № | Атауы | Мамандық |
|---|---|---|
| 1. | ЖК «Набиев» | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) |
| 2. | ЖК«Валиев» | |
| 3. | ЖШС «Сарыағаш Тур» | |
| 4. | ЖШС «Даму» тұлға дамыту орталығы | |

Тәжірибенің сапалы өтуін қамтамасыз ету үшін дайындалған: тәжірибе жайлы ереже, жұмыс бағдарламалары, әдістемелік, жалпы және тікелей жетекшілердің міндеттері, күнделік жүргізу бойынша ұсыныстар, тәжірибе өту және құжаттама жүргізу кезінде студенттерге қойылатын талаптар, және де аттестаттауды жүргізу үшін бақылау материалы. Студенттерді ӨТ жіберу колледж директорының бұйрығымен жасалады. Тәжірибенің жалпы және тікелей жетекшілері колледж директорының бұйрығымен тағайындалады. Оқытушылардың негізгі білімі тәжірибе жетекшілеріне қойылатын талаптарға сай келеді.

***Талдау бөлімі***

Сапар барысында АРТА сарапшылары тәжірибе базалары, атап айтқанда ЖШС «Даму» тұлға дамыту орталығына 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»мамандығы бойынша барып, директордың орынбасары Уалиханова Жұлдыз мекеменің қызметі және осы мамандықтың студенттері көрсетілген мекемеде тәжірибе өткендері туралы ақпарат берді.Сонымен қоса өндірістік тәжірибенің барлық жоспарлауқұжаттамалары ұсынылып, тәжірибеден өтушілердің жұмыс орнымен таныстырды.

Сонымен бірге, 1С қолдау және оқытумен айналысатын ЖК «Набиев Т.А.» базаларына барып, директордың орынбасары Набиева Дильфуза тәжірибе өтушілер, олардың орындайтын тәжірибелік жұмыстары мен жұмыс орындары жайлы ақпараттар ұсынды. Бұл кәсіпорында «Арыстанбаб» колледжінің 2018 жылғы түлектері  Гусеинов Ғалымжан мен Шариф жұмыс жасайды.

«Валиев П.М.»ЖК-де директордың орыбасары Валиев Иман тәжірибе өтушілердің негізгі жұмыстары жайлы айтып, ДК диагностикасы мен жөндеу бойынша шеберхананы көрсетті. Кәсіпорында осы ЖК-тің мамандарымен келісілгендігін растайтын тиісті жоспарлау құжаттамалары бар болған. Сондай-ақ, ССК Валиев Иман колледжде аккредиттелетін мамандықтар үшін тәжірибелік сабақтар өткізетінін және ЖК «Валиев П.М.» басшылығының қолдауымен компьютерлік техниканы диагностикалау мен жөндеу бойынша зертхана ашылғандығы жайлы атап өткен.

Техникалық және кәсіби білімнің, басқа да кез келген әлеуметтік-экономикалық жүйе сияқты тұрақты дамуы, әлеуметтік серіктестікке негізделген, оның қызметінің ылғи да жетілдірілуімен байланысты екенін ескере отырып, іздеу, неғұрлым тиімді серіктестер, оқу процесіне инновация енгізуді талап етеді. Білім беруді ұстап тұру саласында әлеуметтік серіктестермен әрекеттесудің маңызды бағыты болып кадр дайындау бойынша оқу-бағдарламалық құжаттаманы жасауға оларды тарту болып табылады. Мұндай өзара әрекеттестік, жұмыс берушілер жақтан қойылатын, заманауи және перспективалық талаптарды ескеруге мүмкіншілік береді. ССК жұмыс берушілермен сұхбаты барысында колледжге сымдық желілерді мотаждау мен компьютерлік техникалардың жөндеуі бойынша жергілікті қажеттіліктерге сай, колледждің Стратегиялық жоспарында көретілгендей, жаңа мамандық ашу қажеттігі анықталған.

Сонымен қоса, сарапшылар 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығы түлегінің үлгісі түзету енгізуді қажет ететіндігін ескертеді, себебі ол, заманауи нарықтық экономика жағдайында жұмыс жасай алатын, техник-бағдарламашының білімін, шеберлігін, икемін, негізгі және кәсіби құзіреттерін, тұлғалық қасиеттерін көрсетуі қажет. Құзыреттіліктің қалыптасуы білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырылады. Сұхбат барысында түлек үлгісін жасап шығаруда мүдделі тұлғаларды тарту расталмады.

Осылайша, ССК «Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып, заманауи еңбек нарығының шындығына сәйкес білім беру бағдарламаларын жаңарту керек дейді. ББ жетекшісіне серіктес-ұйымдармен тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілермен, түлектерге қойылатын талаптар талқыланатын және заманауи өндірістің талаптарын ескере отырып оқу бағдарламалары түзетілетін, іс-шаралар өткізу қажет. және де, оқыту мен кәсіби сертификаттаралуды білдіретін, қосымша білімді ескеру қажет.

АРТА ССК сапары кезінде жүргізілген, студенттерден алынған сауалнама мынаны көрсетті:

- оқыту процесі кезінде оқу материалдарымен қолдау деңгейі жоғары – 100% деп бағаланады;
- жеке мәселелері бойынша кеңес алудың қолжетімділік деңгейі 97,8%-ға бағаланады;
- оқу бағдарламаларының жалпы сапасымен – 95,6%;
- жалпы оқыту әдістерімен – 97,8%;
- колледждің оқу ресурстарымен қанағаттану деңгейі – 97,8%.

***Мықты тұстары/ең үздік тәжірибе***

ССК оқу орнында берілген стандарт бойынша ерекше көңіл мынаған бөлінетінін көрсетеді:

- білім алушыларға, соның ішінде білім алу тіліне қарамастан, тең мүмкіншіліктерді қамтамасыз етуге;
- ББ тиімді меңгеру үшін жағдайдың жасалуына;
- ББ жүзеге асыру кезінде білім алушыларды жеке қолдауға;

***ССК ұсыныстары***

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша колледж қызметін әрі қарай дамуы мен жетілдіруі мақсатында АРТА ССК ұсынады:

- ағымдағы оқу жылының (2019 жыл, шілде) соңына дейін инновациялық IT шешімдерді қолдану арқылы бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастыру, түрлендіру, бейімдеу, реттеу және сүйемелдеу бойынша кәсіби қызметіне сәйкес түлектер үлгісін істеп бітіру;
- оқу тіліне қарай «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының ББ, 2019-2020 оқу жылына аймақтың қазіргі мекемелер мен кәсіпорындардың талаптарына, заманауи еңбек нарығының шындығына сәйкес, мамандардың дайындығын тексеру мақсатында жаңарту;
- ағымдағы оқу жылының (2019 жыл, шілде) соңына дейін «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығыбойыншаөндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибе өту нәтижесі арқылы білім алушылар мен кәсіпорын жетекшілерінің қанағаттанушылғының мониторингін жасау;

- ақпараттық технологиялардың дамуының заманауи деңгейіне сәйкес және ағымдағы оқу жылының бітіруші тобы үшін жұмыс берушілердің сұранысы бойынша курстық және дипломдық жобалардың тақырыптарын жандандыру;

- жаңа оқу жылында (2019-2020ж.) оқу процесіне колледж оқытушыларының тәжірибелік жетістіктерінің нәтижесін ендіру.

***Шарттар бойынша ССК қорытындысы: (мықты/ қанағаттанарлық/ жақсаруды көздейді/ қанағаттанарлықсыз)***

ССК колледждің мамандандырылған бағыты берілген стандарт бойынша 3 мықты шарттан тұратынын атайды: 16 – қанағаттандырарлық және 5 – жақсаруды көздейді.

*6.3. «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты*

***Дәлелдеу бөлімі***

Педагогикалық құрам колледж міндетін қамтамасыз етудің басты ресурсы болып табылады. Осыған байланысты колледж қызметкерлерді таңдау және даярлау процестеріне аса жоғары көңіл бөледі. Кадрлік саясат колледж стратегиясының негізгі артықшылықтарына, колледждің даму жоспарының талаптарына сай жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін, кәсіби білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне сай және қажетті кәсіби-педагогикалық біліктілігі бар, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, ЖШС «Арыстанбаб» колледжінің директорымен бекітілген «Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар қызметтерінің біліктілік сипаттамалары» біліктілік талаптарына лайықты мамандарды даярлауды жүзеге асыратын, педагогтық қызметкерлердің құрамы құрылған.

Колледж қызметкерлерінің құқығы мен міндеттері, уақыт талаптарына сәйкес уақыт өте жаңартылып отыратын, лауазымдық нұсқаулықтармен анықталған. Барлық кадрлік процестер, уақытылы барлық қызметкелерге жеткізілетін, бұйрықтарда көрсетіледі.

Жеке істер негізгі білім жайлы дипломдардың көшірмесі, санат беру туралы бұйрық, құжаттардың тізімдемесі, кадрларды есепке алу жөніндесуреті бар жеке парақтар, еңбек шарттары, өтініштер, біліктілікті арттыру жайлы сертификаттардың көшірмесі, бұйрықтардан үзінді көшірмелер, мінездемелер, аттестациялық парақша, жеке куәлік, сотталмағандығы жайлы анықтама, материалдық жауапкершілік жайлы келісімшарттардан тұрады.

Колледжде өткізілетін, оқытушылардың кәсіби қызметтерін бағалау нәтижесі бойынша, ең жоғарғы балдар санын алған оқытушылар грамота және ақшалай сыйақылармен марапатталады.

1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» 1304012 «Санды ақпараттарды қайта өңдеу маманы» және 1304043 «Техник-бағдарламашы» білім беру бағдарламасы бойынша 2018-2019 оқу жылында педагогикалық кадрлар саны 29 адамды құрайды, соның ішінде штаттағы оқытушылар – 27 адам. Олардың ішінде штаттағы оқытушылар: бірінші санатты – 5 адам, екінші санатты – 6 адам, санатсыз – 12 адам, магистрлер – 4 адам.

**2-кесте. Соңғы 5 жылда 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» ББ бойынша педагогикалық қызметекерлер саны**

| Оқу жылы | Барлық оқытушылар | Штаттағы оқытушылар | Оқытушы-тәжірибешілер (қосымша істеуші) |
|---|---|---|---|
| 2014-2015 | 30 | 28 | 2 |
| 2015-2016 | 27 | 27 | - |
| 2016-2017 | 29 | 27 | 2 |
| 2017-2018 | 31 | 30 | 1 |
| 2018-2019 | 29 | 27 | 2 |

**3-кесте. Соңғы 5 жылда «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету**

**(түрлері бойынша)» ББ бойынша штаттағы оқытушылардың сапалық құрамы**

| Оқу жылы | Барлығы | Жоғары санатты | Ішінде магистрлер | Бірінші санатты | Ішінде магистрлер | Екінші санатты | Ішінде магистрлер | Санатсыз | Ішінде магистр | Магистрлер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2014-2015 | 28 | 5 | 1 | 4 | 1 | 4 | 1 | 15 | - | 3 |
| 2015-2016 | 27 | 5 | 1 | 3 | 1 | 5 | 1 | 14 | - | 3 |
| 2016-2017 | 27 | 5 | - | 4 | 2 | 4 | 1 | 14 | - | 3 |
| 2017-2018 | 30 | 4 | 2 | 5 | 1 | 6 | - | 15 | - | 3 |
| 2018-2019 | 27 | 4 | 1 | 5 | 2 | 6 | 1 | 12 | - | 4 |

Оқу жылының қорытындысы бойынша жасалған рейтингілік парақша негізінде, оқу, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру мен тәрбиелік оқыту қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалайтын, оқытушылар рейтинги жүргізіледі.

Оқытушылардың жеке рейтингілерінің негізінде циклдік (пәндік) әдістемелік комиссиялар рейтингі анықталады. Рейтинг қорытындысы педагогикалық кеңесте талқыланып, нәтижелері бойынша үздік оқытушылар мен үздік ХАО анықталады.

ИПҚ оқу жұмысын жоспарлауды педагогикалық жүктеме шегінде оқу жұмысы бойынша директордың орынбасары жүзеге асырады. Толық мөлшерлемеде жұмыс атқаратын штаттағы оқытушының жүктемесінің жалпы көлемі, оның оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік, тәрбиелік, біліктілігін арттыру және басқа да жұмыс түрлерін 8 сағаттық жұмыс күнінің шегінде ескергенде, 720-1800 сағатты құрайды. ИПҚ педагогикалық жүктемесінің жылдық көлемі оқу жылына бекітілген нормативті, ИПҚ штатын ескере отырып және оқу жоспарынан шығатын, оқу қызметінің барлық түрлерін орындау қажеттігін ескерумен орнатылады.

Колледж басшылығы жас мамандардың кәсіби қалыптасуына қажетінше көңіл бөледі, әр жас оқытушының артынан білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету үшін тәжірибелі педагогтар қатарындағы тәлімгер бекітілген.

Колледжде біліктілікті арттыру және оқытушылардың кәсіби дамуы үшін жағдайлар жасалған.

Біліктілікті арттырумен қамту соңғы 5 жылда 100% құрайды. Жыл сайын оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттырудың жоспары құрастырылады.

Колледж оқытушылары өздерінің біліктіліктерін кем дегенде бес жылда бір рет арттырады.

***Талдау бөлімі***

ССК сапар кезінде «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша оқу сабағына кіріп шықты. ЕТ 16-9к тобында «Компьютерлік графика» пәнін жас оқытушы Раушан А. «Интернеттен графикалық ақпаратты іздеу» тақырыбына өткізіп жатты. Сабақта таныстыру материалдарын көрсету арқылы мультимедиалық жүйелер қолданылған. Оқытудың түрлі тәсілдері мен әдістері қолданылған болатын.

ЕТ 17-11к тобында сабақты арнайы пәндердің бірінші санатты оқытушысы Орынтаева Г. «Объектілі бағытты бағдарламалау негізі» пәні бойынша өткізіп жатты, сабақта 25 студенттің 18-і болған. Сабақтың тақырыбы «Қасиеттер, оқиғалар, әдістер» тәжірибелік бағытта болған, себебі оқытушы біржолда тақырыпты C++ Builder бағдарламалық ортада түсіндіріп жатқан. Сабақта мультимедиалық жүйелер мен таныстыру материалдары пайдаланылған. Тақырыпты бекіту электрондық тестілік тапсырмалар арқылы жүзеге асқан.

Сабақтарға қатысуды талдау сапалы оқытушылар құрамы, білім беру бағдарламасының талаптарына оқу сабақтарының мазмұнының сай келуі жайлы куәландырады. Сабақтарда оқытушылар оқытудың заманауи технологияларын пайдаланады. Колледждің оқытушылар құрамының қызметін талдау коллективтің колледждің сапалы дамуын жақсартуға ұмтылысын көрсетеді.

АРТА ССК сапары кезінде жүргізілген КОС сауалнама алу мынаны көрсетті:

- колледж ИПҚ әлеуеті үздіксіз дамуы үшін мүмкіншілік береді– жақсы 69,2 % және өте

жақсы – 30,8%;

- оқытушыларды білім беру бағдарламасының мазмұны қанағаттандырады – жақсы 53,8% және өте жақсы – 46,2%;

- оқытушылардың басшылықпен кері байланысының деңгейі жақсыға қанағаттандырады -69,2% және өте жақсы – 30,8% .

***Мықты тұстары/ең үздік тәжірибе***

ССК берілген оқыту орнында берілген стандарт бойынша ерекше көңіл мынаған бөлінетінін атап өтеді:

- ұдайы оқыту процесіндегі инновацияларды пайдаланып, педагогикалық ұжымды ынталандыруға;
- педагогикалық ұжым жайлы мағлұматтардың қоғам үшін қолжетімділігіне;
- педагогтар мен қызметкерлердің кәсіби және тұлғалық дамуын ынталандырудың механизмдеріне;
- қоғам өміріне педагогикалық ұжымның қатысуына.

***ССК ұсыныстары***

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша колледж қызметін әрі қарай дамуы мен жетілдіруі мақсатында АРТА ССК ұсынады:

- педагогикалық және әдістемелік шеберлікті арттыру және 2019-2020 оқу жылында инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мәселелері бойынша шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу саласында халықаралық ынтымақтасудың мүмкіншілігін қарастыру;
- 2019-2020 оқу жылының басында оқытылатын пәндердің ерекшеліктеріне сәйкес оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарын өту;
- 2019-2020 оқу жылында мамандық бағыты бойынша өндірістік кәсіпорындарда арнайы пәндер оқытушыларының кәсіби тағылымдамасы үшін жағдай жасау;
- 2019-2020 оқу жылында арнайы пәндер бойынша авторлық әзірлемелердің санын 20% дейін арттыру.

***Шарттар бойынша ССК қорытындысы: (мықты/ қанағаттанарлық/ жақсаруды көздейді/ қанағаттанарлықсыз)***

ССК колледждің мамандандырылған бағыты берілген стандарт бойынша 4 мықты және 7 қанағаттандырарлық шарттан тұратынын атайды:

*6.4. «Білім алушылар» стандарты:*

***Дәлелдеу бөлімі***

Оқу шарттарына байланысты оқу орнының контингенті мемлекеттік білім беру тапсырысы мен шарттық негізде білім алушыларға бөлінеді.

Колледжде оқу ережесі колледждің академиялық саясатына сай регламенттеледі. Қабылдау жоспары орта буын мамандарында өңірдің білім беру мекемесінің қажеттіліктерін бақылау негізінде бекітіледі. Колледж материалдық-техникалық және кадрлік мүмкіншіліктеріне сәйкес жаңадан студенттер алу санын анықтайды. Студенттермен құқықтарын, міндеттерін, екі жақтың өзара жауапкершілігін, білім саласындағы қызметтің бағасын анықтайтын, екі жақты келісімшарт бекітіледі.

Жыл сайын колледж оқытушылары қала мектептерінде, жеткілікті талапкерлердің келуін қамтамасыз ету мақсатында, кәсіби бағдарлау жұмыстарын өткізеді. Колледжде әрекет ету жоспары, алгоритмі жасалған.

Қала мектептерінің оқушыларымен кәсіби бағдарлау жұмыстарын (таныстырымдарды, баннерлерді, талапкерлер үшін ақпараттық парақшаларды көрсету) өткізу бойынша оқытушылар үшін әдістемелік ұсыныстар әзірленген. Мектеп түлектерін болашақ мамандықтарымен неғұрлым тиімді және нәтижелі таныстыру үшін колледж «Ашық есік күнін», сұхбаттар өткізеді.

«Ашық есік күні» оқушылар мен олардың ата-аналары үшін дәстүрлі түрде колледж бойынша шолу экспедициясымен өткізіледі.

Оқытуға, қабылдау емтихандарын өткізуге және білім алушылар қатарына алуға адамдарды алу үшін колледж директоры, өзі жұмысын 1 шілдеден кешікпей бастайтын, қабылдау комиссиясын тағайындайды. Талапкерлердің өтініштері тіркеу журналдарында тіркеледі. Қабылдау емтихандары талапкерлердің берген өтініштеріне сай қазақ тілінде өткізіледі. Қабылдау емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланып, ақпараттық стендтер мен колледж сайттарына шығарылады.

Оқуға алу нәтижелері ақпараттық стендтер мен колледж сайттарына шығарылады.

ББ тиімділігін арттыру мақсатында колледж ББ бойынша білім алушылардың қабылдау анализін және контингентін өткізеді.

**4-кесте. Колледжге «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» ББ бойынша қабылдау**

| Қабылдау | 2014-2015 | 2015-2016 | 2016-2017 | 2017-2018 | 2018-2019 |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | 33 | 40 | 35 | 31 | 138 |
| Мемл. тапсырыс бойынша | 25 | 25 | 20 | 25 | 104 |
| Ақылы | 8 | 15 | 15 | 6 | 34 |
| Мемлекеттік тілде | 33 | 40 | 35 | 31 | 138 |

Түлектердің жұмысқа орналасуымен айналысатын колледждің құрылымдық бөлімшесі болып тәжірибе бойынша меңгеруші табылады. Жұмысқа орналасуды түлектер өздері түлектерді «Халыққа қызмет көрсету орталығына» тіркеген соң және бос орындардың бары жайлы өтініштер мен Түркістан облысының білім беру мекемесінің өтініш хатына сәйкес жүзеге асырады. Басқа қалалар мен облыстардың білім алушылары тұрғылықты мекенжайы бойынша жұмысқа орналасады.

Түлектердің жұмысқа орналасуына бақылау жүргізіледі.

**5-кесте. «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» ББ бойынша 4 жыл ішінде түлектердің жұмысқа орналасу/жұмысбастылығының нәтижесі**

| Оқу жылы | Жұмысқа орналасу | | Жұмысбастылық | |
|---|---|---|---|---|
| | Адам | % | Адам | % |
| 2014-2015 | 19 | 63,4 | 5 | 16,6 |
| 2015-2016 | 21 | 75,1 | 2 | 7,1 |
| 2016-2017 | 22 | 78,6 | 1 | 3,6 |
| 2017-2018 | 27 | 74,9 | 2 | 5,6 |

***Талдау бөлімі***

АРТА комиссиясымен сұхбат барысында аккредиттелетін мамандықтардың студенттері келесідей ұсыныстарын айтты: сабақ берудің тәжірибелік бағытын артыру, мамандықпен танысу үшін өндірістік экскурсияны көбейту, спорт залын жөндеуден өткізу, жатақхананы кеңейту, мамандандыру бойынша үйірмелер санын арттыру және т.б.

Сарапшылар колледжде білім алушылардың шығармашылық және спорттық мүмкіншіліктерін дамыту үшін барлық жағдай жасалғанын, бірақ болашақ маманның біліктілігін арттыруға көмектесетін кәсіби үйірмелерге көңіл аз бөлінетінін айтады.Сондай-ақ, дипломдық жобалардың өзекті және нақты тақырыптарына және олардың мазмұндарына, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, тиісті көңіл бөлу қажет екендігі айтылады.

